

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНДА КІМ КӨШ БАСТАЙДЫ?



Қырғыз елінің астанасы Бішкекте VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтуде. Байрақты доданың ашылу салтанатына Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев та қатысты. 31 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында өтетін сайыста 100-ден астам елден келген 3 мыңға жуық спортшы 43 спорт түрінен бақ сынайды. Қазақстаннан барған 150-ден астам спортшы ел намысын қорғамақ.

(Жалғасы 2-бетте)

ТҮҒЫР

Қазақ елі – Алтын Орданың заңды мұрагері! Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың аузымен айтылған бұл асқақ лебіз халқымызды шексіз қуанышқа бөлеп, игі лепес ел аумағынан асып, шартарапты шарлап кетті. Қазіргі әлемдік саясат, халықаралық жағдай ушығып тұрған аса күрделі сөтте қазақ секілді тарих көшінде қағажу көріп, кенжелеп, артта қалып келген жұрттың мұндай батыл қадамға барып, Ел басшысының зор сеніммен «Алтын Орда біздікі!» – деп дүниеге жар салуы, тұрасын айтқанда, үлкен төуекелдің ісі.

АЛТЫН ОРДАНЫҢ ТАРИХЫН ТІРІЛТУ – ҰРПАҚ ҮШІН ҰЛЫ БОРЫШ

Осы тарихи ақиқаттың ел Президенті Қ.Тоқаевтың басшылығы кезеңіне орайлас келуі де кездейсоқ емес секілді. Өзінің осы президенттік миссиясына дейін Қасым-Жомарт Кемелұлы ұзақ жылдар дипломатиялық қызмет атқарды, мемлекетіміздің ішкі-сыртқы жағдайын салыстыра салмақтап, көкейіне көп ойлар түйе білгені, саясаткерлігі ұштала түскендігі, халықаралық жағдайды толығымен барлай біліп, ұшқыр да байсалды пайымдылыққа қол жеткізген тәжірибесі осындай тарихи зерделі байлам жасауға жеткізді деп табан тірейміз.

Сол жолы Президент: «...Алтын Орда көшпенділер өмірін қаладағы колонер мәдениеті мен сауда жолдарын өзара тығыз байланыста дамыту арқылы тұрақты ақша және салық жүйесі бар, экономикасы дамыған ел ретінде қалыптасты», – деп өркениетіміздің тамыры тереңде жатқанын әлем алдында айқындап берді. Тұрасын айтқанда, бұл дегеніміз, қазақтың өз жерін өзіне көпсінетіндердің, жалпы көш соңында дамымай қалған, артта қалушы елдер қатарына жатқызушы астамшыл қасаң түсініктердің көмейіне құм құюмен бірдей еді. Бұл кешегі империялық отарлаушы үкімет үстемдік құрған елдің «бұратана», «жабайы», «ешқашан мемлекеттілігі, шекарасы, саяси билік құрылымы, елдік бағыт-бағдары болмаған», – деп жариялаған, оқулықтарға да солай бұрмаланып жазылып, оқытылып келген, империялық отаршылық идеологияға негізделіп, сан буын ұрпақтың санасын улаған керітартпа, залалды ұғым

болатын. Өз ұрпағымызға да, әлемге де ғасырлар бойы осындай теріс ұғымда таныстырылып келген жұрт тарихнамасының нағыз шынайы бетінің жарқырай ашылуы – халқымыздың зарыға күткен, жүрегінде аялаған арманы еді. Ел Президенті бұл ресми жарияланымына аяқасты келіп, оқыстан шешім қабылдаған жоқ. Бұл көптен бері сөз болып, талданып, таразыланып келе жатқан, толғағы жетіп, енді ресми жария болуын күткен мәселе болатын.

Олай дейтініміз, естеріңізде болса ел Президенті 2019 жылы Ұлытауға барған сапарында бұл туралы ойын ашық білдіріп, Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханға мемлекеттік тұрғыдан зор құрмет көрсетуіміз, ол – Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойын кеңінен атап өту туралы мәселе көтерген еді. Осы арада тарихи шегініс жасауға тура келеді. Шынында Алтын Орда осыдан тап 750 жыл бұрын бүгінгі қазақ топырағында толық дербестігін жариялаған. Нақтылай түссек, Алтын Орданың негізі Жошы ханның тұсында қаланғанымен, оның «Алтын Орда» атанып, құрылып, керегесін кеңейтіп, қанатын жаюы оның екінші ұлы Батудың тұсында еді. Сондықтан, әлемдік тарихнамада Алтын Орда тек қана Бату ханның билігімен байланыстыра өрбітіледі. Және бұл мүлде кездейсоқ емес, нақ Батудың тұсында ең әуелі Шыңғыс қаған уығын қадаған, Жошы хан өрбіткен Ұлы Даладағы Түркі қағанатының айрықша даңқы аспанға шарықтады; Бату хан ата-сы мен өз әкесінің қолы жетпеген биік шыңдарға



Досжан ƏМІР,
Қазақстан Республикасы
Сұдыялар одағының төрағасы

көтерілді; өз қағанатының аумағын әлденеше есе нығайтты. Бату билеген Алтын Орда – Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұлан-ғайыр аймақтарға иелік етті; Алтын Орда мемлекетінің астанасы Еділ бойындағы Сарай-Бату аталған қала болған, кейінірек, Сарай-Беркеге көшірілген. Беркенің Батудың ұлы екенін ескерсек, демек, астана билеушілер атымен аталып отырған. Сонымен бірге, Алтын Орда дәуірінде Аш-Тархан / Астрахань/, Сарайшық сияқты сол замандағы ірі шаһарлар бой көтерген.

Міне, Алтын Орданың өркениеттік дамуын осы шаһарлар дәлелдеп берген. Мұнда бұрын-соңды болмаған архитектуралық ғимараттар тұрғызылған, оқу білім, мәдениет салалары өрістеген; тұрғын үйлерге су құбыры жүргізілген, моншалар салынып, қызмет істеген. Яғни, Бату басып алған елдерінің үздік жақтарын қабылдап, өзі құрған мемлекет пайдасына жаратып, іске асырып отырған. Бұл туралы мағлұматтарды ғылыми дереккөздерден көп кездестіруге болады. Мына бір энциклопедиялық дерекке үңілейік: «Бату/Батый, Сайын хан. 1208–1255/ Шыңғыс ханның немересі, Жошы ханның екінші ұлы. Алтын Орда мемлекетінің негізін қалаушы. 1227 жылы әкесі қайтыс болып, Жошы Ұлысын басқарады. 1235 жылы Қарақорымдағы Ұлы Құрылтайда Батысқа жорық

жасау туралы шешім қабылданады. Бату бастаған қалың қол 1236 жылы Еділ бойына жетіп, жергілікті қыпшақ тайпаларын, келесі жылы желтоқсанда орыс князьдіктерін өзіне бағындыра бастайды. 1241 жылы Бату Еуропаға шабуылға аттанады. Краков пен Бреславль қалалары отқа оранады. Лигница түбіндегі неміс-поляктармен болған шайқаста Бату сарбаздары көшпелілердің соғыс өнерінің еуропалықтардан көшілгері екенін дәлелдейді. Еуропа құрлығына дендей еніп, Венгрияны жаулап алған тұста, 1241 жылы желтоқсанда, Қарақорымнан Шыңғыс ханның тағында отырған Үгедей қайтыс болды деген хабар жетіп, Бату атының басын кері бұрады...». Таза шынайылыққа құрылған тарихи деректердегі ақиқат осы. Бату атасы Шыңғыстың өсиетін орындап, Батысты жаулау жорығын жалғастыратынына сенімді болған. Бірақ оның арманының орындалмау себебі әрі қарай былайша түсіндіріледі: «...Осы кезде ұлы хан болып Үгедейдің ұлы Күйік сайланады. Бірақ Күйікті бұл таққа лайықсыз деп есептеген Бату бөлініп шығып, өз аймағында дербес мемлекет құрады. Оны Алтын Орда деп атайды...».

Міне, осы арада, айрықша назар аударатын мәселе және көпшілікке жұмбақ, бұлдыр болып танылатыны да осы, яғни, Жошы құрған Ұлыстың, Бату ханның Алтын Орданы құруымен жалғасқан бұл мемлекеттік құрылымның Қарақорымдағы Шыңғыс хан негізін қалаған империядан іргесін аулақ салуы. Жошы да, баласы Бату да Шыңғыс билігіне қарсы шықпаған, қолдаған. Ендеше, мәселе неде? Өйткені, Бату жорықтан келе жатқанда өзге бауырлары Ұлы Құрылтайды асығыс ашып, келісімін күтпестен Үгедейдің ұлы Күйікті даңқты атасының тағына отырғыза салған. Батудың ойы іштарлықтан тумаған, ақылды хан Күйіктің қандай екенін жақсы білген. Оның ел ұстауға өресі жетпесін, іші тар, қызғаншақ, әрі қулыққа бейімдігін ерте білгендіктен, ендігі жерде дана атасы негізін қалаған Ұлы қағанат-империядан береке, бірлік кете бастайтынын біліп, іргесін аулақ салуды жөн көрген!

Міне, Батудың өте көреген, парасатты шешім қабылдағаны тарих көшінде дәлелденді. Ол болжағандай Күйік хан секілді керітартпа билеуші Алтын Орданы өркениет дәуіріне жеткізбек түгілі, оның дамуына кедергі жасап, қолынан келгенше жолын кесері сөзсіз. Шынында да, Қарақорымдағы Шыңғыс хан негізін қалаған билік те, оның Батудан өзге ұрпақтары да басы қосылмай, өзара қырқысып, аты өшкені тарихтан белгілі.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ



Ақпарат алаңында
ашықтық маңызды

6-БЕТ

Сахит
ЖАҚСЫМБЕТҰЛЫ,
Ақсу-
Жабағылы
мемлекеттік
табиғи
қорығының
директоры:



«Біз жерді аяласақ,
жер де бізді
аялайды!»

8-БЕТ



Қоңыр қайысқа
түскен «қолтаңба»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНДА
КІМ КӨШ БАСТАЙДЫ?



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауқымды этноспорттық шараның салтанатты ашылу рәсімі «Бішкек Арена» спорт кешенінде өтті. Киіз үй формасында жасалған заманауи нысан 51 мың жанкүйерге арналған. Өрі бұл мультимедиялық стадион Орталық Азиядағы ең ірі спорт нысаны деп мойындалып отыр.


Айтулы доданы ұйымдастырушылардың ізденісі, жаңашылдығы бас

бармақпен бағалауға тұрарлықтай. Тіпті көшпенділер ойынының ашылу салтанаты олимпиада ойындарының салтанатынан да биік деңгейде, шебер ұйымдастырылғанын айтып, жоғары баға беріп жатқандар баршылық. Онда жергілікті өнерпаздардың әсерлі қойылымдарымен қатар америкалық поп-жұлдыз Николь Шерзингердің арнайы шоуы көпшіліктің көңілінен шықты.

Қазақстан құрамасы көшпенділер

ойындарында алғашқы алтын медальдарын жеңіп алды. Жарыс чемпионы – Нұрталап Керім мен Сайлау Мұхамеджан. Екі дарабоз аударыспақта карсылас шақ келтірмеді. 6 қыркүйекте қорытындыланатын байрақты бәйгеде спортшыларымыз алтын алқа алған жігіттердің жолын жалғап, қара үзіп алдыда келеріне сенеміз.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»



КНЕ

ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ
ЕҢ ҚАДІРЛІСІ

Тіл – халықтың жаны, ұлттық болмысын айқындайтын, ұлт тарихынан тамыр тартатын ең қадірлісі. Осыны терең түсінгендіктен қазақ тілінің болашағы, өртеніне қатысты мәселелер үнемі назарда тұрады. Бас құжат – Конституцияда да қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесінің айқындалуы тілге деген жанашырлық пен айқындықтың көрінісі болса керек.

2026 жылдың 15 наурызында бүкілхалықтық референдумда қабылданған жаңа Конституцияда тілдің тұғыры заңнамалық тұрғыдан бекітілген. Ата Заңның 9-бабында дәйектелгендей, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады».

Мемлекеттік тілдің мәртебесін айқындау – тек құқықтық норма ғана емес, елдің болашақ даму бағытын айқындайтын айрықша таңдау. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Конституцияда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі орны бұрынғыдан да анық әрі нақты көрсетілгені құптарлық. Бұдан бөлек, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 5-тарауында тілді құқықтық қорғаудың негіздері көрсетілген. Осы тараудағы 23-баптың талабына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың да тілдерді қолдану мен дамытуға қажетті жағдай жасауы міндеттелген. Мемлекеттік тілдің басымдығын арттырып, қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуді кезек-кезеңімен жандандыру бағытында да оң нәтиже байқалып келеді.

Сот саласында мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, қолданыс аясын кеңейту мәселесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Жоғарғы Соттың төрағасы Асламбек Мерғалиев те сот қауымдастығымен өткізген алғашқы жиынын осы мемлекеттік тіл мәселесіне арнағаны есімізде. Маңызды басқосуда сот саласының ардагерлері мен судьялары, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, мемлекеттік орган өкілдері мен ғалымдар бірігіп қазақ тілін сот саласында қолданудың жетістіктері мен кемшіліктерін бірге талқылаған болатын.

Осы жиында айтылған ұсыныс-пікір, тапсырмалар содан бергі уақытта сот қызметінде назарға алынып, басты бағдар етіліп келеді. Бұл ең алдымен сот орбитасына тартылатын азаматтар құқығын мінсіз қорғау үшін керек. Себебі өз құқығын өз ана тілінде қорғай алмай, құқығы шектелген азаматтың сот жүйесіне деген сенімі әлсірейді.

Сот барысында азаматтардың мемлекеттік тілде қызметке жүгініп, отырыстарда өз уәжін мемлекеттік тілде жеткізуіне еш кедергі жоқ. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай сот өндірісі бойынша кез келген азаматтың іс жүргізілетін тілді білмесе немесе жеткілікті меңгермеген жағдайда аудармашы қызметін тегін пайдалануына құқығы бар. Сот отырысындағы аудармашы сот процесінің қатысушысы болып табылады, сот төрелігінің әділдігі, тараптардың теңдігі аудармашының кәсіби біліктілігіне байланысты. Бүгінде сот терминдерін жетік білетін, сот істерін сапалы аударатын аудармашылар қатары қалыптасқан. Олар іс материалдарын сауатты аударуға көмектесіп, сот отырысында таңдалған тілді жетік білмейтін жандарға аудармашылық қызмет көрсетуге дағдыланған.

Сондай-ақ «Сот кабинеті» бірінғай жүйесіндегі қызметтің бәрін мемлекеттік тілде алуға болады. Азаматтарға уақытын жоғалтпай, қашықтықта отырып көптеген сот қызметін алуға мүмкіндік беретін бұл сервис бүгінде халықтың көңілінен шыққанын айта кетуіміз керек. Осындай іргелі істер, ілкімді бастамалар мемлекеттік тілдің мәртебесін биіктетіп, қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыраы талассыз.

Диас ҒАЛЫМОВ,
Алматы облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

ОҢ ҚАДАМ

Биылғы жылы еліміздің заң саласында соны өзгерістер басын алды, солардың ең бастысы – жаңа Конституцияның қабылдануы. Осы жаңашылдыққа орай «Рақымшылық туралы» заң қабылданып, оның шіде айында күшіне енгені баршаға мәлім.

РАҚЫМШЫЛЫҚ – АҒАТ КЕТКЕН
АЗАМАТТАРҒА БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК



Бұл заңда тек қылмыстық қана емес, сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша да рақымшылық көзделген. Яғни, әкімшілік пен қылмыстық рақымшылықтың қатар жүргізілуі ел тарихында алғаш рет орын алып отыр. Осы заңның бірінші тарауында қылмыстық, екінші тарауында әкімшілік құқық бұзушылықтарға қатысты рақымшылықтың тәртібі реттелген.

Жалпы алғанда, рақымшылық аяғын шалыс басып, қателікке ұрынған азаматтарға берілетін екінші мүмкіндік. Аталған заңға сәйкес, қылмыстық теріс қылық жасағандар, онша ауыр емес қылмыстары үшін сотталғандар, залал келтірмеген немесе келтірілген залалды толық өтеген орташа ауырлықтағы қылмысқа барғандар жазадан босатылуы мүмкін.

Қылмыстық-процестік кодекстің 476-бабымен нақтыланғандай, рақымшылыққа ілігу мәселесі сотта әрбір сотталушыға қатысты жеке қаралады. Рақымшылыққа ілігудің маңызды шартының біріне келтірілген материалдық зиянның өтелуі жатады. Айтып өтерлігі,

ПАЙЫМ

Екі палаталы Парламенттің жұмысын жүйелеу, заң шығару қызметінің тиімділігін арттыру туралы ұсыныстардың қоғам ішінде көп талқыланғаны рас. Бұл тақырыпты жан-жақты қаузап, әлемдік үрдістегі түрлі тәжірибелерді мысал ете отырып сараптаған ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, азаматтық бөлсенділер аз болған жоқ.

ҚҰРЫЛТАЙҒА ЖҮКТЕЛГЕН
МІНДЕТ ЖОҒАРЫ

«Еститін мемлекет» идеясын берік ұстанып, халықтың ұсыныс-пікірін үнемі басты назарына алған Мемлекет басшысы Парламентке байланысты сын-ескертулерді де жауапсыз қалдырмады. Осылайша көпшілік пікірі, әлемдік тәжірибе мен ел дамуы ескеріле келе, Қазақстанның бүгінгі болмысына қос палаталы Парламенттен гөрі, бір палаталы Құрылтай жақын деген тұжырым орнықты.

Өрине, бастаманы көтеруші, идеяны талқыға салушы – Президент. Ал сол жаңашылдықтың қандай формада ұсынылатынын айқындау көпшіліктің еркінде. Бұл жолы да Құрылтайдың атауы, оның құрамы, мәртебесі мен жұмыс істеу тәртібі терең сүзгіден өтті. Президенттің 2022 жылғы наурыздағы жолдауында жариялаған іргелі ұсыныс осылайша Жаңа Конституцияның қабылданып қоймай, жаңа заң шығарушы орган – Құрылтайдың қалыптасып, жұмысын бастауына негіз қалады.

Қазақы ұғымға Құрылтай сөзі таңсық емес. Құрылтай – көшпелі түркі-моңғол халықтарының және Қазақ хандығының ең жоғары мемлекеттік институты. Алысқа бармай-ақ Тәуке ханның Күлтөбедегі құрылтайын мысал етсек жеткілікті. Одан кейінгі Алаш арыстары да саяси жиындарына «Құрылтай жиналысы» деп ат бергені мәлім. Ендеше, тәуелсіз ел тарихында тұғыры биік болған Құрылтайдың араға жылдар салып қайта оралуы құптарлық қадам.

2026 жылы өткен республикалық референдум нәтижесінде елдің заң шығарушы органы ресми түрде Қазақстан Республикасының Құрылтайы деп аталды. Бұл институттың жұмысын қолдап сайлаушылардың 74,19%-ы дауыс берді. Жеті партия додаға түскен Құрылтай сайлауының қаншалықты тартысты өткеніне көпшілік куә. Ал бұл мәртебелі органның жұмысы 2026 жылғы 5 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы тәртібімен реттелмек.

Заңға сәйкес, Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды. Біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша пропорционалды өкілдік жүйемен сайланған 145 депутат жақында елге адал қызмет етуге, депутаттың мәртебелі міндетін абыройлы атқаруға ант берді. Сонымен бірге депутаттар арасынан жасырын дауыс беру арқылы төраға мен оның 3 орынбасары сайланды. Заң жобалау жұмыстары үшін тұрақты комитеттер мен комиссиялар құрылды. Яғни, негізгі ұйымдастыру жұмыстары толық орындалды. Ендігі міндет – халық күткендей сапалы заңдардың қабылдануына, Үкіметтің сындарлы жұмыс істеуіне, халық пен билік арасында өзара сенімді байланыстың орнығуына атсалысу. Құрылтай өзіне жүктелген үдеден шығады деп сенеміз.

Ермек ЕГЕУБЕКОВ,
Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының төрағасы

олардың орта, техникалық немесе кәсіптік білім алуын жалғастыруына көмектесе отырып, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандарға арналған

білім беру ұйымдарына жіберу де атқарушы органдардың құзырына кіреді.

Рақымшылық заңның барлық талабына сай келгенде ғана қолданылатынын білген жөн. Рақымшылық барысында толық немесе ішінара жазадан босату, бас бостандығынан айыру мерзімін қысқарту мен пробациялық бақылау ерекшеліктері өзгертіліп, кейбір кезде қылмыстық жауаптылық тоқтатылады.

Рақымшылық әкімшілік жазаларға емес, негізінен айыппұлдарға қолданылады, яғни, әкімшілік құқық бұзушылықтарға салынған айыппұлдар кешіріледі. Мысалы, жеке кәсіпкерлер мен жеке нотариустар, жеке сот орындаушылар, адвокаттар, заң консультанттары осы заңның мүмкіндігін пайдалана алады. Олардың заң күшіне енгенге дейін орындап үлгермеген немесе ішінара орындаған айыппұлдан толықтай босатылу мүмкіндігі бар.

Заңмен айқындалғандай, әкімшілік рақымшылыққа сот шешімімен, сонымен қатар, мемлекеттік қауіпсіздікке нұқсан келтіретін әрекеттер үшін салынған айыппұлдар мен азаматтарға қатер төндіретін құқық бұзушылықтар, т.б. ілікпейді.

Ешкім қателіктен сақтандырылмаған. Сондықтан, рақымшылықты сол қателікті түзетуге жұмсағанның өмірден өз орнын табары анық.

Айгүл ЕГАМБЕРДИЕВА,
Ақтау қалалық сотының
судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

БЕЗБЕН

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯДАН КЕЙІНГІ БИЛІК

Қазақстанда жаңа Конституцияның күшіне енуімен мемлекеттік басқару жүйесінде бірқатар институционалдық өзгеріс жүзеге аса бастады. Солардың ішінде Вице-Президент институтының енгізілуі, Құрылтайдың жаңа өкілді орган ретінде қалыптасуы және мемлекеттік басқару құрылымдарының қайта ұйымдастырылуы қоғам назарында тұр.

Тамыз айының соңында осы жаңа жүйеге қатысты бірқатар маңызды кадрлық шешім қабылданды. Ерлан Қарин Вице-Президент болып тағайындалды. Олжас Бектенов Премьер-Министр қызметіне қайта бекітілді. Аида Балаева Қауіпсіздік Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Бұл тағайындаулар жаңа мемлекеттік құрылымның іс жүзінде қалыптасу кезеңі басталғанын көрсететін саяси шешімі ретінде назар аудартты.

Қазақстанның жаңа Конституциясындағы негізгі жаңалықтың бірі – Вице-Президент лауазымының енгізілуі. Конституцияға сәйкес, Вице-Президентті Президент Құрылтайдың келісімімен тағайындайды және қызметінен босатады. Вице-Президентке депутаттық мандат иеленуге, басқа ақы төленетін қызмет атқаруға, кәсіпкерлікпен айналысуға және саяси партия мүшесі болуға шектеу қойылған.



31 тамызда бұл қызметке Ерлан Қарин тағайындалды. Ол бұған дейін Президенттің Мемлекеттік кеңесшісі қызметін атқарған. Вице-Президент лауазымының енгізілуі мемлекеттік биліктің сабақтастығын қамтамасыз ету мәселесін де өзекті етеді. Жаңа Конституцияда Президент өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда оны алмастыру тәртібі қарастырылған. Осылайша, жаңа лауазымның қызметі тек күнделікті мемлекеттік басқарумен шектелмейді. Оның конституциялық мәртебесінде мемлекеттік биліктің тұрақтылығы мен сабақтастығына қатысты нормалар да бар.

Жаңа конституциялық кезеңдегі екінші маңызды шешім – Олжас Бектеновтің Премьер-Министр болып қайта тағайындалуы. Бектенов Үкімет басшысы қызметіне алғаш рет 2024 жылғы ақпанда келген еді. 31 тамызда Президент оның кандидатурасын қайта ұсынды, ал Құрылтай оны Премьер-Министр

қызметіне бекітті. Бұл жерде жаңа мемлекеттік жүйеде Үкіметтің атқаратын қызметіне назар аударған жөн. Үкімет елдің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асыратын негізгі атқарушы орган болып қала береді. Оның міндеттерінің қатарында экономикалық өсімді қамтамасыз ету, мемлекеттік бағдарламаларды орындау, әлеуметтік саланы дамыту және азаматтардың әл-ауқатын арттыру бағыттары бар.

Сондықтан Премьер-Министрдің қайта тағайындалуы Үкімет жұмысының сабақтастығын сақтауға бағытталған шешім ретінде қарастырылуы мүмкін. Ал Үкімет жұмысының нәтижесін алдағы кезеңдегі экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер көрсетуге тиіс.

Тамыз айының соңындағы тағы бір маңызды шешім – Аида Балаеваның Қауіпсіздік Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалуы. Қауіпсіздік Кеңесі ұлттық қауіпсіздік пен



елдің тұрақтылығына қатысты мәселелерді қарастыратын маңызды мемлекеттік институттардың бірі. Жаңа Конституция жағдайында қауіпсіздік мәселелерінің ауқымы да кеңейіп отыр. Қазіргі кезде ұлттық қауіпсіздік әскери қауіп-қатерлермен ғана шектелмейді. Ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік, экономикалық тұрақтылық, қоғамдық келісім және заң мен тәртіп мәселелері де осы ұғымның құрамына кіреді. Аида Балаеваның жаңа қызметке тағайындалуы Қауіпсіздік Кеңесінің жанарған мемлекеттік басқару құрылы-

мындағы жұмысын ұйымдастырумен байланысты. Осы кезеңде Кеңестің нақты міндеттері мен жұмыс тетіктері қоғамның назарында болмақ.

Осылайша Қазақстан жаңа конституциялық кезеңге қадам басты. Ендігі кезең – осы өзгерістерді институционалдық тұрғыдан орнықтыру және жаңа мемлекеттік басқару жүйесінің нақты жұмыс тәртібін қалыптастыру кезеңі.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

АҚПАРАТ АЛАҢЫНДА АШЫҚТЫҚ МАҢЫЗДЫ

Биліктегі ауыс-түйіс, соңғы күндердегі елеулі оқиғалар, саясаттағы бетбұрыстар елдің болашаққа деген бағдарын нақтылап жатыр. Дүбірге толы дүние зайырлылыққа, демократияға ұмтылған жас мемлекеттің жаңа институттарын құрып, тәуелсіз ұлттың болашақтағы дамуы мен үздіктер қатарына ұмтылған ізденістеріне куә болуда. Ендеше, бұл ұлы миссияның алдыңғы шебінде журналистердің де жүруі заңдылық.

Ежелден, халық пен билік арасындағы алтын көпір саналатын журналистер қауымы дәл осы өзгерістердің тұсында өз құқықтарының шектеліп, жұмыстарына кедергілер көбейгенін жазуда. «Енді біржола депутаттардың бетіне тіке қарауға болмайтын болса, онда осының бәрін бекітетін бір ереже шығара салу керек шығар. Егер журналист дәлізде депутатқа сұрақ қоя алмаса, жиындарына қатыса алмаса онда олар депутаттар үйінде не бітіреді?» Журналистер енді «үйінде отырып стенограмманы қарай салатын болды ма?» деген сипаттағы жазбаларға толған желі шуынан кейін ҚР Парламенті (Құрылтай) Аппараты басшысының орынбасары Болат Кальянбеков өзінің фейсбук әлеуметтік парақшасында арнайы жазба жариялады. Онда аппарат өкілі Құрылтай ғимаратындағы БАҚ өкілдерінің алдағы уақыттағы жұмыстарының белгілі бір ретпен жүйеленетінін жазды.

«Құрметті достар!

Бүгінде Құрылтай ғимаратында БАҚ жұмысының жаңа форматына қатысты түрлі пікірлер айтылуда.

Негізгі өзгерістердің мәнін тағы бір мәрте түсіндіріп өткім келеді.

1) Енді журналистердің депутаттармен және шақырылған Үкімет мүшелерімен барлық коммуникациясы тек баспасөз орталығында және Құрылтайдың күн тәртібі аясында өтетін болады.

Бұл қалай жүзеге асырылады?

Брифингтер тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Баспасөз қызметі брифингке қатысушылар мен оның тақырыбын алдын ала хабарлайды. Баспасөз орталығында БАҚ өкілдерінің жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалған: wi-fi, ыңғайлы жұмыс орындары бар, ілеспе аударма жасалады.

Біздің мақсатымыз – Құрылтайда қаралатын заң жобаларының мәнін қоғамға барынша түсінікті әрі толық жеткізу, әрбір құқықтық жаңашылдықтың маңызын ашып көрсету және қабылданатын шешімдердің азаматтардың өміріне қалай әсер ететінін түсіндіру.

2) Егер журналистердің депутаттарға Құрылтайдағы күн тәртібіне қатысы жоқ сұрақтары болса, олар Құрылтайдың немесе саяси партиялардың баспасөз қызметтеріне жүгіне алады. Баспасөз қызметі депутатпен жедел түрде сұхбат ұйымдастыруға көмектеседі. Айта кетейік, кейбір БАҚ



өкілдері бұл мүмкіндікті қазірдің өзінде пайдаланып үлгерді және баспасөз қызметі тарапынан оларға қажетті барлық қолдау көрсетілді.

3) Құрылтайда ұсынылып отырған жаңашылдықтар Қазақстан заңнамасына және БАҚ-ты аккредиттеудің үлгілік қағидаларына толық сәйкес келеді. Жоғарыда аталған тәсілдер бекітілетін жаңа аккредиттеу қағидалары Құрылтай бюросында қабылданады. Сонымен қатар, Құрылтай ғимараты күзетілетін нысан екенін атап өткен жөн, ғимаратта баршаға міндетті өткізу және нысанішілік режим талаптары қолданылады.

4) Біз халықаралық тәжірибені де зерделегенімізді, ұсынылып отырған тәсіл қалыптасқан әлемдік тәжірибеге толық сәйкес келетінін айта кету керек. Әлемнің жетекші парламенттерінде БАҚ өкілдерінің депутаттармен өзара іс-әрекеті, әсіресе сұхбат алу, телевизиялық тікелей қосылымдар мен түсірілімдер жүргізу арнайы белгіленген алаңдарда ұйымдастырылады. Бұл журналистерге кәсіби жұмыс істеу үшін қажетті жағдай жасап, Құрылтай депутаттарымен коммуникацияны жүйелі әрі ұйымдасқан сипатқа көшіруге мүмкіндік береді», – дейді Кальянбеков. Журналистер де өз пікірін білдіріп, ортақ үн-деу арқылы көзқарастарын айтуда. Болат Кальян-

бековтың жазбасынан кейін әлеуметтік желіде төмендегідей мәтін жарияланды. Ол үндеуде бірнеше медиа орталық Құрылтай депутаттарын қауіпсіздік талаптарын алға тартып, журналистік қызметті шектеу құралына айналдырмауға шақырды.

«Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ, «Әділ сөз»

Мұндай шектеулерді парламенттік сайлаудан кейін және жаңа Құрылтайдың алғашқы жұмыс күндерінде енгізу әсіресе орынсыз көрінеді. Дәл қазір қоғам жаңа депутаттардың қалай жұмыс істейтінін, қандай ұстанымда екенін, сынға қалай қарайтынын және азаматтар мен БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап беруге қаншалықты дайын екенін түсінуі қажет. Біз ҚР Құрылтайының аппараты мен басшылығын БАҚ өкілдерінің жұмыс істеуіне қатысты қолданыстағы ережелердің ашықтығын қамтамасыз етуге және іс жүзінде қолданылып отырған тәртіпті ресми қабылдаған құжаттармен және журналистердің кәсіби қызметіне берілген заңнамалық кепілдіктермен сәйкестендіруге шақырамыз. Біз Құрылтайдағы саяси партиялар мен фракцияларды депутаттар мен партиялардың БАҚ-пен ақпараттың өзара іс-қимылын күшейтуге шақырамыз. БАҚ аудиториясының депутаттардың заң шығару қызметі, қабылдайтын шешімдері және Құрылтай қабырғасында әзірленіп жатқан заңдар туралы ақпарат алуға құқығы бар екенін түсіну маңызды.

Парламенттің ашықтығы мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бір-біріне қайшы келетін міндеттер емес. Қауіпсіздік талаптары мен қоғамның мемлекеттік органның қызметі туралы ақпарат алу құқығы арасындағы тепе-теңдік сақталуы тиіс». Бұл үндеу авторлары «Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ, «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау қоры, MediaNet халықаралық журналистика орталығы, Қазақстанның Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі бюросы.

Азаматтық институттардың дамығанын, Қазақстанның шын мәнінде зайырлы, демократиялық елге айналғанын қалайтын кез келген азамат ашық ақпарат пен қолжетімділікті талап етеді, өздері іріктеп, сенім білдіріп сайлаған депутаттардың халықшыл, ұлтжанды болуын қалайды, елдік мәселелерде белсенді, ашық, тәуелсіз ұстанымда болса дейді. Ендеше, осы категориялар мен осы толқындағы журналист те бұндай ақпарат майданында белсенді жауынгер болуға құқылы.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

МІНБЕР

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – РӘСІМ ҮШІН ЕМЕС, ӘДІЛЕТ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК

Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Сот жүйесіндегі тіл мәселесі ҚР Қылмыстық-процестік кодексі мен Азаматтық процестік кодексі арқылы реттеледі. Аталған заңдарға сәйкес, сот ісін жүргізу тілі тараптардың таңдауы немесе келісімі негізінде анықталады. Егер процеске қатысушылар әртүрлі тілді таңдаса, сот аудармашымен қамтамасыз етуге міндетті.

Алайда тәжірибеде қазақ тілінің қолданылу деңгейі әлі де төмен күйінде қалып отыр. ҚР Жоғарғы Сотының деректеріне сәйкес, азаматтық істердің шамамен 75-85 пайызы орыс тілінде қаралады. Қылмыстық істер бойынша қазақ тілінің үлесі 30-40 пайыз шамасында ғана. Жалпы алғанда, сот өндірісіндегі қазақ тілінің орташа үлесі 20-30 пайызды құрайды. Бұл соттағы әрбір он істің жеті-сегізі орыс тілінде жүргізілетінін көрсетеді.

Сонымен қатар, өңірлер арасында айтарлықтай айырмашылық байқалады. Ауылдық жерлерде қазақ тіліндегі істердің үлесі 60-70 пайызға дейін жетсе, Алматы мен Астана сияқты ірі қалаларда орыс тілі басым қолданылады.

Бұл жағдайдың бірнеше негізгі себебі бар.

Біріншіден, тіл таңдау құқығы. Іс жүргізу барысында тараптардың бірі орыс тілін таңдаған жағдайда, сот ісі сол тілде жүргізіледі. Бұл заңды норма

болғанымен, статистикаға тікелей әсер етеді.

Екіншіден, құжат айналымының тілі. Қазақстандағы көптеген келісім-шарттар, банктік құжаттар мен сараптамалық қорытындылар негізінен орыс тілінде дайындалады. Сот ісі дәлелдер мен құжаттарға сүйенетіндіктен, іс те көбіне сол тілде қаралады.

Үшіншіден, кадрлық фактор. Көптеген заңгерлер мен судьялар кәсіби білімді орыс тілінде алған. Сонымен қатар, құқықтық терминологияның едәуір бөлігі, атап айтсақ 70% күнделікті тәжірибеде орыс тілінде қолданылады.

Төртіншіден, психологиялық фактор. Зерттеулерге сәйкес, адамдар жауапкершілігі жоғары жағдайда өзіне барынша таныс тілді қолдануға бейім келеді. Сот процесі дәл осындай орта болып табылады.

Соған қарамастан, соңғы жылдары оң өзгерістер жоқ емес. Мемлекеттік

саясат аясында қазақ тіліндегі іс жүргізу үлесі біртіндеп өсіп келеді. Кейбір өңірлерде бұл көрсеткіш жыл сайын 2-5 пайызға артып отыр.

Дегенмен, қазіргі жағдай белгілі бір қайшылықты аңғартады. Бір жағынан, заң қазақ тілінің қолданылуын толық қолдайды. Екінші жағынан, сот тәжірибесінде орыс тілі әлі де басымдыққа ие. Бұл нені көрсетеді? Бұл мәселенің тек құқықтық нормаларға ғана емес, тарихи қалыптасуға, кәсіби ортаға, құжат жүйесіне және азаматтардың тілдік таңдауына байланысты екенін көрсетеді.

Сот жүйесіндегі қазақ тілінің қазіргі жағдайы бір ғана фактіні айқын көрсетеді, мемлекеттік тілдің заң жүзінде толық бекітілгенімен, іс жүзінде оның қолданылу деңгейі әлі де жеткіліксіз екені. ҚР Конституциясы қазақ тілінің мәртебесін нақты айқындап бергенімен, нақты көрсеткіштер бұл норманың толық жүзеге аспай отырғанын аңғартады.

Алдағы уақытта қазақ тілінің сот жүйесіндегі қолданысын кеңейту үшін бірқатар жүйелі шаралар қажет. Атап айтқанда, құқықтық терминологияны біріздендіру, заңгерлер мен судьялардың қазақ тіліндегі кәсіби біліктілігін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі ресми құжат айналымын дамыту



маңызды. Сонымен қатар, сот отырысына қатысушылардың өздері де мемлекеттік тілді таңдауға саналы түрде ұмтылуы қажет.

Осы бағытта нақты жұмыстар да жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Абай облысы бойынша департаментінің бастамасымен судьялардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыруға арналған жүйелі шаралар қолға алынған. Абай облысының лингвистикалық орталығымен жасасқан меморандум аясында жергілікті сот судьяларына арналған мемлекеттік тіл курстары ұйымдастырылып, үш айлық оқу бағдарламасы ағымдағы жылдың мамыр айында сәтті аяқталды.

Мемлекеттік тілді меңгеру – тек кәсіби талап қана емес, сонымен қатар ел алдындағы жауапкершілік пен ұлтқа деген құрметтің көрінісі. Сондықтан тілдік біліктілікті үздіксіз жетілдіру

әрбір сот қызметкерінің маңызды міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Қорытындылай келе, сот жүйесіндегі тіл мәселесі – тек құқық саласының емес, бүкіл қоғамның даму деңгейін айқындайтын маңызды көрсеткіш. Қазақ тілінің соттағы болашағы тек заңдарға емес, оны күнделікті өмірде белсенді қолданатын азаматтарға да байланысты. Егер мемлекеттік тіл тәжірибеде кеңінен қолданылатын болса, сот жүйесі халыққа анағұрлым жақын, түсінікті әрі әділ бола түседі. Мемлекеттік тіл – рәсім үшін емес, әділет үшін қызмет етуі керек.

Ғалым ТАБАНОВ,
ҚР Сот әкімшілігінің
Абай облысы бойынша
департамент басшысының
орынбасары,
Әдеп жөніндегі уәкіл

МӘСЕЛЕ

ЖЕКЕ ДЕРЕГІҢІЗ КІМНІҢ ҚОЛЫНДА?

Бейтаныс нөмірден қоңырау түсіп, арғы жақтағы адам атыңызды атап, несие, медициналық қызмет немесе қандай да бір тауар ұсына бастайды. «Менің нөмірімді қайдан алдыңыз?» деген сұраққа нақты жауап берілмеуі де мүмкін. Мұндай жағдай бүгінде көпшілікке таныс.

Телефон нөмірі, ЖСН, электрондық пошта, тұрғылықты мекенжай және адамға қатысты өзге де мәліметтер жай ғана ақпарат емес. Оларды жинау, өңдеу, сақтау және тарату заңмен реттеледі. Цифрлық қызметтер көбейген сайын азамат туралы ақпарат та әртүрлі мемлекеттік және жеке ақпараттық жүйелерде жинақталады. Банктік қызметтен интернет-дүкенге, медициналық ұйымнан мемлекеттік қызметтерге дейін адамның белгілі бір деректерін беруі күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналды. Осыған байланысты жеке мәліметтердің кімнің қолында екені, қандай мақсатпен пайдаланылатыны және олардың қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ететіні маңызды мәселеге айналып отыр.

Қазақстанда бұл саланы реттейтін негізгі құжат – 2013 жылғы 21 мамырдағы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заң. Ол дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді. Заңға кейінгі жылдары бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Тамыздан бастап не өзгерді?

2026 жылғы 24 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №326-VIII ҚРЗ қабылданды.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің ресми мәліметіне сәйкес, аталған заң 2026 жылғы 24 тамызда күшіне енді. Жанар-тылған заңнама ақпараттық жүйелер мен дербес деректер базалары иелерінің жауапкершілігін нақтылады. Ұйымдар қандай деректі жинайтынын, оны қандай негізде және қандай мақсатта пайдаланатынын, ақпаратқа кімдердің қол жеткізе алатынын, қанша уақыт сақталатынын және қалай қорғалатынын нақты айқындауға тиіс. Дербес деректер базаларының иелері мен операторлары азаматтардың ақпаратты өңдеуге келісімін нақты мақсатты көрсете отырып алуға, деректерді сақтаудың белгіленген мерзімдерін бекітуге, жауапты қызметкерлерді тағайындауға және ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар шеңберін шектеуге міндетті.



Бұл талаптардың күнделікті өмірдегі маңызы неде?

Мәселен, адам белгілі бір қызметті пайдалану үшін телефон нөмірін немесе өзге мәліметін берді делік. Бұл ұйымға сол ақпаратты кез келген басқа мақсатта пайдалана беруге автоматты түрде құқық бермейді. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңның 14-бабына сәйкес, дербес деректер оларды жинаудың бұрын мәлімделген мақсаттары үшін ғана пайдаланылуға тиіс. Яғни, мәселе адамның қандай дерек бергенінде ғана емес, сол ақпараттың кейін қандай мақсатта қолданылатынында да жатыр.

Келісімді кері қайтарып алуға болады. Заң азаматқа өзінің дербес деректеріне қатысты бірқатар құқық береді. Соның бірі – деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алу. Қолданыстағы заңның 8-бабына сәйкес, азамат немесе оның заңды өкілі меншік иесін, операторды және үшінші тұлғаны хабардар ете отырып, дербес деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алуға құқылы. Алайда заңда бұған қатысты жекелеген шектеулер де көзделген. Министрліктің мәліметіне сәйкес, азаматтарға дербес деректерді өңдеуге келісім беру және оны кері қайтарып алу мүмкіндігі eGov Mobile арқылы да қарастырылған.

Заңда келісімнің қолданылу мерзіміне қатысты талап та бар. Егер заңда немесе шартта өзгеше белгіленбесе, дербес деректерді өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі оларды жинау мен өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзімнен аспауға тиіс. Деректерді сақтау мерзімі де шексіз емес. Егер Қазақстан заңнамасында өзгеше көзделмесе, дербес деректерді сақтау мерзімі оларды жинау мен өңдеу мақсатына қол жеткізген күнмен айқындалады.

Жеке мәліметті таратуға бола ма?

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңда қолжетімділігі шектеулі деректердің құпиялылығына жеке талап қойылған. Заңның 11-бабына сәйкес, мұндай мәліметтерге қол жеткізе алатын меншік иелері, операторлар және үшінші тұлғалар азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімі не өзге заңды негіз болмаған жағдайда дербес деректердің таралуына жол бер-



меуге тиіс. Сонымен бірге әрбір бейтаныс компаниядан келген қоңырау немесе жарнамалық хабарлама адамның деректері міндетті түрде заңсыз сатылды дегенді білдірмейді. Нақты құқық бұзушылықтың бар-жоғын анықтау үшін ақпараттың қандай көзден және қандай құқықтық негізде алынғанын, азаматтың деректерді өңдеуге келісім берген-бермегенін анықтау қажет. Заң азаматқа меншік иесінде, операторда немесе үшінші тұлғада өзі туралы қандай деректер бар екенін білуге, олардың жиналу және өңделу мақсаты, көздері, тәсілдері мен сақтау мерзімдері туралы ақпарат алуға құқық береді. Демек, азамат өзінің жеке мәліметінің қайда және не үшін пайдаланылып жатқанын сұрауға заңды құқығы бар.

Цифрлық қауіпсіздік туралы сөз болғанда азаматтарға «SMS-кодты ешкімге айпаңыз», «бейтаныс сілтемеге өтпеңіз», «күрделі құпиясөз пайдаланыңыз» деген кеңестер жиі беріледі. Алайда жеке ақпараттың қауіпсіздігі тек азаматтың сақтығына байланысты емес. Дербес деректерді жинап, сақтайтын ұйымдарға да тиісті міндеттер жүктелген. Министрліктің ресми ақпаратына сәйкес, заңнамада шифрландыру, ақпаратты қорғау құралдары, пайдаланушылар әрекеттерін журналға енгізу, көпфакторлы аутентификация, соның ішінде биометриялық сәйкестендіруді пайдалану сияқты техникалық қорғау шаралары қарастырылған.

Тексерулер нені көрсетті?

Ресми деректер ұйымдардың дербес ақпаратпен жұмысында заң бұзушылықтардың әлі де кездесетінін көрсетеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы дербес деректерді қорғау саласында 77 тексеру жүргізілген. 2026 жылдың басынан бері тағы 44 тексеру өткізілген. Тексеру барысын-

да азаматтардың деректерін өңдеуге келісімін қолмауы, жауапты тұлғалар мен ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлердің бекітілген тізімдерінің жасалмауы, артық деректер жинау секілді бұзушылықтар анықталған. Бұдан бөлек, бірқатар ұйымдарда көпфакторлы аутентификация, пайдаланушылар әрекеттерін журналдау жүйесі, криптографиялық қорғау құралдары, антивирустық шешімдер және желіаралық экрандар болмаған.

Жеті айда 90 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Бас прокуратура өкілінің мәліметіне сәйкес, 2026 жылдың алғашқы жеті айында дербес деректерді қорғау саласында 90 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. 2025 жылдың сәйкес кезеңінде мұндай 172 факт болған. Осылайша көрсеткіш 47,7 пайызға төмендеген. 2026 жылдың жеті айында осы санаттағы істер бойынша 58 адам сотталған. Сонымен қатар дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдар саны төрт еседен астам өскен.

Айыппұл 2000 АЕК-ке дейін жетеді. Дербес деректер мен киберқауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік те күшейтілген. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің ресми ақпараты бойынша әкімшілік айыппұлдардың мөлшері үш есеге ұлғайтылған. Киберқауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдың ең жоғары мөлшері 1000 АЕК-ке дейін, ал дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін 2000 АЕК-ке дейін белгіленген. Жауапкершілікке тартудың ескіру мерзімі бір жылға дейін ұзартылған. Бұл 2000 АЕК көлеміндегі айыппұл барлық құқық бұзушылық үшін бірдей салынады деген сөз емес. Министрліктің ресми мәліметінде аталған көрсеткіш айыппұлдың ең жоғары мөлшері ретінде көрсетілген. Нақты жауапкершілік құқық бұзушылықтың сипатына және заңнамада белгіленген жағдайларға байланысты айқындалады.

Азамат неге мән беруі керек?

Цифрлық ортада жеке мәліметті мүлде бермеу мүмкін емес. Дегенмен азамат қандай ақпаратты, кімге және қандай мақсатта ұсынып отырғанына назар аударуы қажет. ЖСН, жеке куәлік деректері, телефон нөмірі, банкке қатысты мәліметтер немесе басқа да жеке ақпарат сұралғанда оның қандай мақсат үшін қажет екенін анықтап алған жөн. Заң бойынша азамат өз дербес деректерінің ұйымдарда бар-жоғын білуге, оларды жинау мен өңдеудің мақсаты, көздері және сақтау мерзімі туралы ақпарат алуға құқылы. Ал дербес деректерді жинайтын және өңдейтін ұйымдарға сол ақпараттың заңды пайдаланылуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Цифрландыру азаматтардың көптеген қызметті жылдам әрі ыңғайлы алуына мүмкіндік берді. Бірақ цифрлық мүмкіндіктер артқан сайын жеке ақпараттың қауіпсіздігіне қойылатын талап та күшейеді.

Телефон нөмірі, ЖСН немесе адамның аты-жөні сырттай қарағанда бірнеше таңба мен сан ғана болып көрінуі мүмкін. Ал цифрлық ортада олардың артында нақты адамның жеке өмірі, қаржысы және қауіпсіздігі тұр.


Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Бұл арада Жошыдай ұлы мен Батудай немересінің болашағына зор үміт артқан Шыңғыс қағанның көрегендігін де, Президентіміз қайталап еске салып отырғандай, Жошы хан мен Бату хандардың кеменгерлігіне, олар құрған Алтын Орданың таңғажайып салтанатын танытуға, зерттеп, зерделеуге барымызды салуымыз қажет.

Бұл арада тағы бір көңіл бөлетін нәзік мәселе, Жошы мен Батуды Қаракорымдағы Шыңғыс қаған негізін қалаған империяға қарсы қойып алмау. Рас, Шыңғыс қаған барша ұрпағына өзі негізін қалаған империя жолымен жүруді өсиет етті, Қаракорым билігін орталық билік деп тануын міндеттеді. Бірақ Шыңғыс хан өмірден өткен соң, империяның басы қосылмай, берекесі кетті, оларды біріктіру мүмкін болмады. Осыны қысқа ғана өмір сүрсе де Жошы да, Бату да жақсы түсініп, өз жолымен кетуге мәжбүр болды. Ал Шыңғыс қағанның басқа ұрпағының басы қосылмауына Жошы мен Батудың еш кінәсі жоқ, оған олардың өзара қырқысқан алауыздығы себеп болды. Бұл да тарихтың ащы сабағы ретін-

уырымен және көптеген боярларымен бірге келіп, Алтын Орда дәрегіне бас ұрып, бағыныштылығын мойындайды. Орыс кінәздары 1249 жылдан бастап, Сайынға адалдығын білдіріп, оның ұлы Сартакқа жаппай ант беруге көшті. Бір сөзбен айтқанда, Алтын Орда қол астына түскен халықтардың этносая-



АЛТЫН ОРДАНЫҢ ТАРИХЫН ТІРІЛТУ – ҰРПАҚ ҮШІН ҰЛЫ БОРЫШ

де ескерілуі тиіс. Шыңғыс ұрпағының сан ғасырлық тарихы аса күрделі қилы жолдардан өткендіктен, жас ұрпақ үшін ештеңе дүмбілез, шикі қалмағаны, әбден иі қанғанша талданып барып, ақ-қарасы ажыратылып, ұсынылғаны дұрыс. Президент талабы да осыған саяды. Жоғарыдағы дереккөз де бізді осындай ізгі ойға жұмылдырып: «...Алтын Орда мемлекеті Шығыс Батыс және Дешті Қыпшақ жерлерін, Ресейдің Еуропа жақ бөлігін, Балтық теңізінің шығыс өлкелерін, Польша, Венгрия, Бұлғария, Кавказ аймақтары кіретін кең байтақ жерлерді қамтыды. Алтын Ордада мемлекеттік басқару ісі Шыңғыс ханның «Жасақ» заңдар жинағына сәйкес жүзеге асырылды. Бату хан тұсында Алтын Орда нығайып, мемлекеттік басқару ісіне, салық жинау жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізілді. Халық санағы жүргізілді. Аймақта байланыс желісі қалыптасты. Қалалар мен бекіністер салынды...» /«Сен білесің бе?» энциклопедиясы. Құрастырған: К.Ж. Райымбеков. Қ.Т. Байғабылов. Алматы. «Аруна», 2011ж./

Алтын Орда туралы зерттеулер, жалпы қазақ халқының арғы-бергі тарихының бір ізге түсіп, айқындала беретініне сеніміміз мол. Ең ғажайы, осы Бату хан орыстың тарихи шежірелері танытқандай ешқандай «жауыз», «кәнішер» адам болмағанын, керісінше, жұмсақ мінезді, биік мәдениетті әрі өте шебер дипломат, білімпаз, өнерді бағалайтын адам болғанын батыс тарихшылары жақсылап сипаттама жасап, жазып қалдырып отырған. Солардың бірі итальян жұртының әйгілі саяхатшысы Плано Карпини өз еңбегінде Алтын Орда, оның астанасы Сарай-Бату қаласы, билеушісі Бату ханның атақ-даңқын естіп, көруге құмар болғанын, ақыры іздеп келіп, ғажайыпқа көзінің жеткенін жазған. Плано Карпиниді қалалардың өте жанаңшыл архитектурасы, бұл елдегі мәдениет, экономикалық үрдіс, сауда-саттықтың жолға қойылуы таң қалдырған. Саяхатшы осының бөріне мұрныдық болған Бату ханның жеке басының қасиеті туралы тамсана жазған.

Тағы бір жиі дау тудыратын мәселе, Бату ханның орыс жеріндегі жорықтары туралы. Кейінгі дәуірлеген Ресей империясы тұсында Бату билігін мойындағысы келмеушілік, теріс түсіндіру көптеп орын алғанға ұқсайды. Осының бөріне нүкте қою ниетімен үлкен зерттеулерге барған отандық тарихшы, марқұм Талас Омарбеков болатын. Алтын Орданың жеңістері туралы, Русь князьдықтарымен қарым-қатынасы туралы ғалым былайша ой өрбітеді: «...Шындығында да, орыс халқын топтастыруда, олардың бір орталыққа бірігетін мемлекетін қалыптастыруда Сайын хан (Бату хан) негіздеген Алтын Орданың рөлі зор. Сайын хан 1238 жылдың ақпанына дейін бұрын бір-біріне бағынбайтын 14 орыс қаласын (ішінде Мәскеу де бар) басып алғаннан кейін орыс кінәздары оны еріксіз мойындады. Алғаш 1243 жылы Ярославль кінәзі келіп бас иді. 1247 жылы Новгородтың атакты кінәзі Александр Невский өз ба-

си өмірінде айтарлықтай өзгеріс орын ала бастады. Байырғы түркітілдес Еділ бойының бұлғарлары енді «татар» аталып кетті. Қыпшақ даласында жаңа тайпалық бірлестіктер құрыла бастады. Бұл этникалық өзгерістер болашақ Ноғай, Қазақ, Өзбек, Башқұрт, Қарақалпақ тәрізді көптеген түркітілдес халықтың қалыптасу үрдісін жеделдете түсті».

Міне, біздің қазіргі тәуелсіз Қазақстанның келешегі үшін ендігі жерде халқымыздың өткенін мансұқтаған, төмендетуге тырысқан, империялық астамшылық мүдде тұрғысынан жазылған зерттеулерден гөрі, өзіміздің шынайы тарих мүддесі көзделген, ақиқат деректерге көбірек жүгінуді қолға алатын мезгіл жетті. Президент Қ.Тоқаевтың тікелей ықпалымен ел тарихы өзінің әділетті арнасын тауып, түзу бағытта қызу жұмыстар жүргізіліп жатқандығы жүрегімізге зор қуаныш сезімін ұялатады.

Шыңғыс хан санқилы жорықтарында балаларын жанынан тастамай, әскерінің тізгінін беріп, өзі үстінен бақылап отырған. Мұндағы мақсаты – балаларын бөрінің белтірігіндей ерте ауыздандыру әрі ел ұстау, әскер басқару ісіне жетілдіре беру болатын. Шыңғыс хан алған жерлері көбейген сайын, оған иелік етудің де оңай болма-сын көрегендікпен болжай білді, сондықтан да ұрпағын осыған ерте дайындауға ниеттенді. Міне, осындай мұрат жолындағы жорықтарда Шыңғыс ханның ең көңілінен шыққаны үлкен ұлы Жошы болған.

Әрине, балаларының бәрі де әкесіне тартқан шетінен алып түсер көкжал бөрі, қайтпас қайсар, жүрек жұтқан өжет ер болған, бірақ солардың ішінде Жошы сұрапыл, тайсалмас ер еді. Шыңғыс хан оған ең жауапты ұрыстарды сеніп тапсырып, Жошы оның үнемі көңілінен шығып отырған. Бірақ, бар айыбы шешесі Бөрте екеуінің артынан сөз ерген. Шыңғыс хан ертеректе тұңғыш көрген жары, бәйбішесі Бөрте-ні шаңырағына түсірісімен жорыққа аттанып кеткенде, өштескен меркіттер шаңырағын шауып, жас қалыңдығы Бөрте-ні тартып алып кетеді. Қоныста қалған топ жасанып келген жауға түк істей алмай қала береді. Шыңғыс хан жорықтан оралғанда, арада біраз ай өтіп кетеді. Әрине, оралысымен меркіт-ті шауып, жары Бөрте-ні қайтарды, көп ұзамай, ол босанып, ұл табады. Оған жолда туған жолаушы деген мағынада «Жошы» есімі қойылады. Жұрт өсек кылып, бұл Шыңғыс кіндігінен емес, меркіттен туған деп жел сөзді гулетеді. Жошы осындай қаңқу сөзді естігеніне қарамастан, жігерлі болып жетіледі. Әрі-беріден соң, өзге балаларынан гөрі Шыңғыс ханға көбірек тартқан ұл екенін дәлелдейді. Әуелгіде көңілінде күдігі сейілмеген әке, бірте-бірте ол ойынан қайтып, Жошының өзіне тартып туғанына разы көңілін жарына да, туыс ортасына да білдіріп отырған. Соған орай Бөрте-нің кейінгі балалары Жошыға өш болып өскен, әуелгіде балалық тентектік болып көрінген осы дұрдараздық, есейе келе ұлғая берген.

Тіпті, айбарлы әкенің өзі бұған істер қайраны болмай, қатты уайым жеген екен. Бар қолынан келгені Жошыға ертерек енші беріп, иелігіне осы күнгі қазақ жерлерін беріп, әскер бөліп, Ұлытаудың бойын біржола қоныс қылып, тездетіп аттандырып жібереді. Қара шаңырақтан, анасынан, бар туыстан

халықаралық қарым-қатынас, елді дамыту істерімен айналысқан. Сонымен бірге, аса жауапты шайқастарға өзі де қол бастаған. Әкесі Жошы секілді өзі де теңдессіз жүрек жұтқан, қас батыр болған.

Бату мен ол негізін қалаған Алтын Орда сол дәуірдің ең үздік саяси ұтымды жолына түскен; Алтын Орда мемлекетінде қаншама халық үш ғасырға жалғасқан жарастықты дәурен кешіп, тату-тәтті өмір сүрген. Бату хан орнатқан саяси режим экономикалық ахуалдың жақсаруына ғана емес, этносаралық татулыққа ықпал етті, әрі діни бірліктің сақталуына оң әсерін тигізді. Мәселен, орыс тарихшысы В.Егоров: «Сарай-Бату қаласында монғолдар, қыпшақтар, асылар, черкестер, орыстар, византиялықтар қатар тату өмір сүрді. Тегінде Алтын Орданы құраған халықтардың діні әрқилылығымен ерекшеленген. Олар тәңіршілдік пен несториандықты, православ және ислам діндерін қатар ұстанған» дейді. Ғалым ерекше ден қойып отырғандай, Бату хан өзіне қараған санқилы ұлттың өзара ынтымақтастығына көп көңіл бөлген. Оның тұсында Алтын Орда мемлекетінде конфессияаралық

өркениеттік феноменін баса атап өтті. Кеңестік дәуірде Алтын Орданың саяси-экономикалық жетістіктері, мәдени және зияткерлік бағыты толық бағасын алмағандықтан зерттеушілерге мемлекеттік басқару, дипломатиялық мәмілегерлік, бітімгершілік саяси ұстанымына назар аударуды ұсынды. Сондай-ақ, Президент Алтын Орда ақиқатын тануда тарихи объективтілік пен ғылыми жауапкершіліктің маңызын баса көрсетіп, Алтын Орданың басқару және мемлекеттілігінің маңызы ешқашан аласармайтынын, бүгінгі күні де ұлағаттылық өнегесі жалғаса беретінін жеткізді.

Әрине, Алтын Орданы қайта оралту, жаңғырту, тірілту мүмкін емес. Бірақ, Алтын Орда тарихын оралту, тірілту – бүгінгі ұрпақ үшін аса маңызды болып отыр. Осы тұрғыдан, Президентіміздің бұл бағыттағы тындырып жатқан қыруар істері, басшылық ықпал көрсетуі – халқымыздың басшыға деген ыстық ықыласы мен құрметін арттыра түсері сөзсіз. Біздіңше, Президентіміз елі тапсырған істерді адал атқару үстінде. Шынайы тарихымызды тану жолындағы қызметі – осының айқын көрінісі.

Алтын Орданы қайта оралту, жаңғырту, тірілту мүмкін емес. Бірақ, Алтын Орда тарихын оралту, тірілту – бүгінгі ұрпақ үшін аса маңызды болып отыр. Осы тұрғыдан, Президентіміздің бұл бағыттағы тындырып жатқан қыруар істері, басшылық ықпал көрсетуі – халқымыздың басшыға деген ыстық ықыласы мен құрметін арттыра түсері сөзсіз. Біздіңше, Президентіміз елі тапсырған істерді адал атқару үстінде. Шынайы тарихымызды тану жолындағы қызметі – осының шынайы көрінісі.

ажырау оңай болмаған, бұған Жошы басында қатты қапаланған. Бірақ, бір жағынан мұның көреген шешім болғанына көп ұзамай көзі жеткен. Бұл туралы да сан-саққа жүгірген әңгіме көп: бірі – ақылды әке Жошыны өзге ұлдарының өшпенділігінен қорғаған дейді; екіншісі – Шыңғыстың өзі де Жошыны жек көріп, тезірек құтылуды ойлаған дейді. Ал салмақты ойға жүгінсек, көптеген ғылыми тұжырымдарда байытпалатындай, Шыңғыс қаған өз иелігіндегі ұлан-ғайыр жердің түп қонысы – қара шаңырағы ретінде осы Жошыға берген Ұлысын, яғни, осы күнгі қазақ жерін қарастырған деген пікірге көбірек ден қоямыз. Ал Жошы Ұлысының аясында құрылған Алтын Орда туралы әңгіме тіпті бөлек.

Алтын Орданың соншама атақ-даңқының көтерілуін, өркениетке қол жеткізуін бұл әулеттің тектілік қасиетін сақтай алғандығымен түсіндірген жөн. Бату хан да атасы Шыңғыс қағанның құрған қағанатына зор құрметпен қараған билеуші. Оның дәлелі айқын. Айталық Бату Ұлы Дала аумағынан асып, Еуропа елдерін бірінен кейін бірін жаулап, өзін тоқтататын ешбір күш табылмаған жеңісті сәтте де Үгедей қағанның қайтыс болған хабарын естіп, қара шаңыраққа оралуға шешім қабылдайды. Ал оның орнында басқа билеуші болса қандай шешім қабылдағ еді? Ол сол жолғы Еуропа құрлығына жорығын он үш жылға жоспарлаған деген дерек бар. Мына оқыс хабарды естімесе, Бату хан осы мүддесіне жетуге мүмкіндігі зор болған. Жалпы Бату ханның әскери қабілеті туралы аңыз көп. Мұны Шыңғыс ханның өзі де аңғарып, Жошы мен Батуды көтермелей, мақтай бастағаны өзге ұрпағының қызғанышын тудырған.

Батудың тағы бір үздік қыры, өз айналасына мықты қолбасшылар топтастыра білгендігі. Солардың ішінде Сүбедей баһадүр айрықша дараланған. Жалғыз көзді, алып тұлғалы батыр әзірейілдей жауының құтын қашырып, жанынан түнілдірген. Сүбедей баһадүр Шыңғыс ханның да даңқты жорықтарында, кейіннен Жошы хан жорықтарында қол бастаған. Ал Бату хан тұсында атағы тіптен асқақтап, Алтын Орданың айбарына айналған. Міне, Бату хан осындай батырларға әскерін сеніп тапсырған. Өзі көбіне мемлекет,

толеранттылық орнады. Міне, бүгінгі Қазақстанның да көпұлтты мемлекет екенін ескерсек, Алтын Орда мемлекетінен алар үлгі-өнегеміз жетерлік. Президентіміз қатты көңіл бөліп келе жатқан мәселелердің бірі де осы болмақ.

Ұтымды саясаттың арқасында Алтын Орда дәуірледі, атақ-даңқы шарықтады. Бірақ, оның да тоқырау, ыдырау, күйреу заманы келіп жетті. Арыстандай азулы Шыңғыс қаған да, оның ең айбарлы мемлекет құра алған, ең даңқты ұрпағы Бату да өздерінің ұлы бабасы Аттиланың ізімен жүріп, Еуропаны тұтас бағындыра алмады. Тек Бату ғана ата аманатын орындауға аз қалғанда орта жолдан кері қайтуға мәжбүр болды. Халқы Сайын, яғни, ақылды билеуші деп атаған Бату даңқты атасының өсиетіне қол жеткізе алмағанына қатты қыңжылумен өмірден өтіпті деседі. Кім білсін?!

Тарих болжамдарға арқа сүйейді. Бірақ, ел тарихатынан, ата бабамыз өткен жолдан ақиқат іздеу – ұрпақ үшін ұлы парыз болып қала бермек. Иә, тарихи жолдары көрсетіп келе жатқандай мәңгілік еш нәрсе жоқ. Бірақ, Алтын Орда дәуірі – ұрпаққа мәңгілік ұлағат болып қала берері сөзсіз. Міне, бүгінгі күні Президент Қ.Тоқаев та ғалым зерттеушілерімізге Алтын Орданың осындай озық қырларына назар аударуды тиянақтап тапсырып отыр. Таяуда ғана Астана төрінде өткен «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиумның алдына қойған міндет-мақсаты да осы мұрат үдесінен шығу болатын.

Симпозиумда сөз алған Қазақстан Президенті Алтын Орданың тарихи маңызына, өз дәуіріндегі орасан ықпалдылығына, бүгінгі қоғамдағы рөлінің жоғарылығына кеңінен тоқталып өтті. Алтын Орданың өз дәуірінде ең ірі саяси құрылымның біріне айналғаны, Еуразияның ұлан-ғайыр аумағын қамтығаны, сонымен бірге, осы уақыттарға дейін үздіксіз соғысып, жауласып келген Шығыс пен Батыс арасына дәнекерлік тұрғыдан алтын көпір тұрғызып, экономикалық қарым-қатынас орнатқаны туралы айтты. Ал кеңестік тарихи идеология бұл бағытта теріс саясат ұстанғаны белгілі. Сондай-ақ, Қазақстан басшысы Алтын Орданың

Жалпы, кеңестік дәуірде идеологиялық керітартпалық ықпалы болған күнде, қазақ халқының ауыз әдебиетінде өткен дәуірлеріміздің шалқыған заманы кемшін сипатталған жоқ. Қай қазынамызды ақтарсақ та, ертегі-аңыздарымыздан да, батырлық, ғашықтық жыр-дастандарымыздан да өршіл рух, ар-намыс, мұрат-мүдде биіктігі көзге ұрып, тайға таңба басқандай танылып тұрады. Қай мұрамызды ақтарсақ та, жеңіліп, жер болған, ар намысы тапталған немесе жоқшылықтан қиналған жұртты көрмейсіз. Елі өңселі, шаттығы шалқыған тұрмыс, той, ұлағатты салт-дәстүрін, өнегелі әдет-ғұрпын танысыз. Демек, шалқыған Алтын Орда шыңында – ешқандай алып қоспасыз, боямасыз халықтың басынан кешкен өз тарихы. Халық сол «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманы» қайта оралатынына сеніп, өмір сүрген, ешқашан сенім рухын жоғалтпаған! Сонау сақ дәуірінде Білге қаған: «Біз көктен жаралған, көктің ұлы – түркі жұрты боламыз!» – деп дүниеге жар салған! Күлтегін бабамыз: «Бек ұлдарын құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай!» – деп жырлап, ұрпағына өсиет еткен! Неткен құдыретті рух!

Тіпті, өзге жұртқа бодан болған отаршылық дәуірінде шайырларымыз тарих ұлағатын ұрпаққа аманаттап отырыпты. Андап отырсаңыз, отаршылық заманында да, Алтын Орда – Бату хан тарихы халқының жадында өмір сүрген, ол тарих өзінің дүниеге жарқ етіп жарияланар кезеңін күткен! Алтын Орда құлаған соң, тарих арнасына Қазақ Ордасының көтерілгені белгілі. Бұл Алтын Орданы қайта жаңғыртамыз ба деген ерлердің талпыныс әрекеті еді. Сол халқы дәуірдегі халқымыздың арманы қандай асқақ, қандай шамшырақтай сәуелі болған десеңізші! Асан қайғы бабамыз «Жерұйық аңсап, желмасына мініп, жер кезіп кеткен» дейді ел аңызы. Сол Жерұйық – Алтын Орда болмасына кім кепіл?! Тағы бір әйгілі жырауымыз Ақтамберді: «...Қоңыраулы найза қолға алып, жалаулы найза жанға алып – жау қашыра ма екенбіз; Тобылға сапты қамшы алып, тұмар мойын ат мініп – қоныс қарар ма екенбіз; Ел жазылап жайлауда, жақсылар кеңес құрғанда – Мұртымыз көкке шаншылып, бұрын да сөйлер ме екенбіз?!» дейді. Паһ, шіркін, елдік мүдде, асқақ мұрат дегеніміз осы емес пе?!

Демек, Алтын Орданың арман-мүддесі ешқашан өлмеген, ұрпағымен бірге жасап келген! «Билеушісі біліксіз елдің жұрты жалтақ келеді», – депті Күлтегін бабамыз! Шүкірлік айтайық, қай дәуірде де біздің ата-бабамыз парасатты билеушілерден кенде болмаған! Оған дәлел – Алтын Орда тарихы! Оған дәлел – «Алтын Орда біздікі!» деп әлемге жар салған, ата-баба тарихын жоқтап, ұлағатына сұрау салған Президентіміз Қ.Тоқаевтың батыл шешімі! Олай болса, Президентімізбен бірге Ұлы Дала тарихын жаңғыртуға атсалысайық, өр рухты тарихымызбен болашаққа нық сеніммен қадам басайық дегіміз келеді.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Сахит ЖАҚСЫМБЕТҰЛЫ,
Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығының директоры:

«БІЗ ЖЕРДІ АЯЛАСАҚ,
ЖЕР ДЕ БІЗДІ АЯЛАЙДЫ!»

– Сахит Жақ-
сымбетұлы, өзіңіз
басқарып отырған
«Ақсу-Жабағылы»
мемлекеттік та-
биғи қорығына
биыл – 100 жыл.
Бір ғасырлық ме-
рейтой қарсаңын-
да қорықтың
өткен тарихы-
на шолу жасай
отырсаңыз.

– Ақсу-Жа-
бағылы мемлекет-
тік табиғи қорығы
– Қазақстандағы
және Орталық
Азиядағы тұңғыш
мемлекеттік табиғи
қорық. Ол 1926
жылғы 14 шілде-
де Қазақ АКСР
Халық Комиссар-
лары Кеңесінің
қаулысы негізінде
құрылып, елімізде-
гі ерекше қорғала-

тын табиғи аумақтар жүйесінің негізін
қалады. Бүгінде қорық халықаралық
деңгейде танылып, ЮНЕСКО-ның дү-
ниежүзілік маңызы бар табиғи аумақта-
рының қатарына енген. Қорық Батыс
Тянь-Шаньның инжу-маржаны санала-
тын Талас Алатауының солтүстік-батыс
бөлігі мен Өгем жотасын қамтиды. Оның
аумағы Түркістан облысының Түлкібас,
Төле би және Бәйдібек аудандары мен
Жамбыл облысының Жуалы ауданының
жерінде орналасқан. Жалпы жер көлемі
131 934 гектарды құрайды. Сонымен қатар
қорық құрамына әлемдік ғылыми маңызы
бар «Әулие» және «Қарабастау» палеонто-
логиялық бөлімшелері кіреді.

Ақсу-Жабағылы табиғатының ерек-
шелігі – оның қайталанбас ландшафт-
тары мен бай биоалуан түрлілігінде.
Қорық аумағында ұзындығы 120 шақы-
рымға созылатын Ақсу өзені, әйгілі Ақсу
шатқалы (каньоны), 114 мұздық және 27
тау көлі орналасқан. Бұл табиғи нысан-
дар өңірдің экожүйесін сақтауда ерекше
рөл атқарады. Қорық жануарлар дүниесі-
не де аса бай.

Мұнда құстардың 299, сүтқоректі-
лердің 52, бауырымен жорғалаушы-
лардың 11, қосмекенділердің 3 түрі және
омыртқасыздардың 2124 түрі мекендейді.
Қар барысы, Тянь-Шань қоңыр аюы,
Түркістан сілеусіні, Үнді жайрасы, Орта
Азия тас сусары, арқар сияқты сирек кездесетін
жануарлар осы өңірдің табиғи байлығы
саналады. Өсімдіктер дүниесі де ерекше

алуан түрлілігімен көзге түседі. Қорықта
жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1312 түрі,
оның ішінде 17 ағаш, 62 бұта түрі өседі.
Сонымен қатар мүктің 63, қынаның 63,
балдырдың 64 және саңырауқұлақтың 235 түрі
тіркелген. Мұнда әлемге әйгілі Грейг қызғалдағы,
Сиверс алмасы, Зеравшан аршасы, Кавказ
таудағаны және басқа да сирек әрі эндемик
өсімдіктер табиғи жағдайда сақталған.

Табиғаттың бізге берген осынша-
ма байлығы мен сұлулығын көпшілік
қадірлесе екен деп ойлаймын. Жерді
аяласақ, жер де бізді аялайды!

– Мемлекеттік табиғи қорықтың 100 жылдығына дайындық қалай жүріп жатыр?

– Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи
қорығы өзінің 100 жылдық мерейтойын кең
көлемде атап өтуге дайындалуда. Мерейтой
аясында табиғатты қорғау, ғылыми зерттеулер
мен экологиялық ағартуды насихаттауға бағыт-
талған бірқатар маңызды жобалар жүзеге
асырылуда.

Мерейтойдың ресми эмблемасын ҚР
Экология және табиғи ресурстар министрлігінің
Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі
комитеті бекіткен. PROGREEN бағдарламасы
мен Дүниежүзілік-банктің қолдауымен қорықтың
ғасырлық тарихын дәріптейтін бірнеше ірі жоба
жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда:
– «Ақсу-Жабағылы қорығының табиғаты»
фотоальбомы;

– «Ғасырлық байлық: Ақсу-Жабағылы
мемлекеттік табиғи қорығы» атты мерейтойлық
кітап;

– Ақсу каньонында туристерге арналған
заманауи бақылау алаңын салу.
– «Жасыл желек – жердің көркі» демекші,
мерейтой қарсаңында табиғатты қорғау және
қоғалдандыру бағытындағы бірқатар іс-шаралар
ұйымдастырылды. «100 жылдыққа – 100 ағаш»
экологиялық акциясы аясында қорық кордондары
мен орталық аумағына ағаш көшеттері отырғызылып,
ғимарат ауласы абаттандырылып, «100 жыл»
атты гүлзар жайқалып тұр.

Сонымен қатар, мамыр айында спорт пен салауатты өмір салтын насихаттау
мақсатында Түркістан облысындағы табиғат
қорғау мекемелері арасында волейболдан облыстық
турнир өткізілді.

– Сахит Жақсымбетұлы, биылғы мерейтойдың басты оқиғаларына тоқтала кетсеңіз.

– 2026 жылғы 25 қыркүйекте Ақсу-Жабағылы
мемлекеттік табиғи қорығының 100 жылдық
мерейтойының салтанатты іс-шаралары өтеді.
25 қыркүйекте республика және шетел ғалымдарының
қатысуымен «Ғасырлық тарих – Ақсу-Жабағылы
қорығы» тақырыбындағы республикалық ғылыми
конференция ұйымдастырылады. Конференция
барысында қорықтың ғылыми жетістіктері,
биоалуан түрлілікті сақтау тәжірибесі және ерекше
қорғалатын табиғи аумақтардың болашағы
талқыланады.

Сонымен қатар, сол күні Ақсу құз шатқалында
салынған жаңа бақылау алаңының салтанатты
ашылуы өтеді. Бұл нысан экологиялық туризмді дамытуға,
келушілердің қауіпсіздігін арттыруға және табиғатты
тамашалауға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік
береді.

– Табиғатты қорғаудың ғасырлық мектебі туралы не айтасыз?

– Бір ғасыр бойы Ақсу-Жабағылы мемлекеттік
табиғи қорығы Батыс Тянь-Шаньның қайталанбас
табиғатын сақтап, ғылыми зерттеулердің орталығына
айналды. Мұнда бірнеше буын табиғат қорғаушылары,
ғалымдар мен инспекторлар туған өлкенің табиғи
байлығын сақтау жолында аянбай еңбек етті.
Ғасырлық тарихы бар қорықтың басты миссиясы –
табиғаттың баға жетпес мұрасын келер ұрпаққа
аман жеткізу.

Сондықтан Ақсу-Жабағылының 100 жылдық
мерейтойы – өткенге тағзым етіп қана қоймай,
болашаққа бағытталған үлкен жауапкершіліктің
көрінісі. Ақсу-Жабағылы – Қазақстан табиғатының
мақтанышы, ғылымның алтын қазынасы және
табиғатты қорғаудың ғасырлық мектебі. «Табиғат –
тіршілік бесігі» деп халқымыз айтқандай,
Алатау мен Қаратау қауышқан жердегі табиғаты
таңғажайып әсем өлкені қорғап, сақтау жолында
еңбек ете береміз!

– Әңгімеңізге рақмет.
Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі,
қоғам қайраткері

МЕЖЕ

Құқықтық мемлекет құрудың басты шарттарының бірі – заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Бұл бағытта сот жүйесіне жүктелетін жауапкершілік ерекше. Себебі сот – заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтардың әділдікке деген сенімін қалыптастыратын маңызды мемлекеттік институт.

ӘДІЛ СОТ –
ҚҰҚЫҚТЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ



Сот саласында қызмет атқаратын әрбір қызметкер үшін басты міндет – өзіне жүктелген жұмысты сапалы әрі жауапкершілікпен орындау. Сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты әрбір процессуалдық әрекеттің артында адамның тағдыры, оның құқығы мен заңды мүддесі тұрғанын түсіну маңызды.

Әділ сот ұғымы, ең алдымен, заң талаптарын мұлтіксіз сақтаумен байланысты. Сотқа жүгінген әрбір азамат өзінің мәселесіне объективті баға беріп, құқықтары заң аясында қорғалатынына сенімді болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, сот қызметінің ашықтығы, қолжетімділігі және заңдылығы – қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттыратын негізгі факторлар.

Қылмыстық сот ісін жүргізу барысында адам құқықтарын қорғаудың маңызы одан әрі арта түседі. Өсіресе сотқа дейінгі кезеңде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге қатысты мәселелерді заң шеңберінде қарау сот бақылауының маңыздылығын көрсетеді. Мұндай жағдайда заңдылық пен адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету – сот жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі.

Сот жұмысының нәтижелі болуы тек судьяның қызметіне ғана байланысты емес. Сот отырысының хатшылары, мамандар және өзге де сот қызметкерлері сот процесінің ұйымдастырылуына, құжаттардың дұрыс рәсімделуіне, процеске қатысушылардың уақытылы хабар-

дар етілуіне және сот жұмысының үздіксіз жүргізілуіне өз үлесін қосады.

Сот қызметкері үшін кәсіби біліммен қатар, жауапкершілік, әдептілік, ұқыптылық және азаматтарға құрметпен қарау маңызды. Өйткені сотқа келген азаматтың сот жүйесі туралы алғашқы түсінігі көбіне сот қызметкерлерімен қарым-қатынасы арқылы қалыптасады. Сондықтан әрбір қызметкер өз міндетін адал атқара отырып, сот жүйесінің беделіне де үлес қосады.

Қазіргі таңда сот жүйесін жаңғырту, цифрлық технологияларды енгізу, сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Бұл өзгерістердің барлығы азаматтардың сотқа жүгіну мүмкіндігін жеңілдетіп, сот қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Менің ойымша, әділ сот – тек заң талаптарының орындалуы ғана емес, ол – әрбір адамның құқығына құрметпен қарау, істің мән-жайын жан-жақты бағалау және заң аясында әділ шешім қабылдауға ұмтылу. Сот жүйесінде қызмет атқаратын әрбір маман осы жауапкершілікті сезінуі қажет.

Заң үстемдігі орныққан, сот төрелігіне сенім қалыптасқан қоғамның болашағы да берік болады.

Феруза ЖУБАЕВА,
Ақтау қаласы мамандандырылған тергеу соты әкімшісі басшысының орынбасары

ӨЗЕК

ҚАЗАҚШАҢ ҚАЛАЙ, ӘЛЕУМЕТ?

Тіл – кез келген халықтың ең үлкен рухани байлығы. Адам баласы дүниеге келген сәттен бастап айналасындағы әлемді ана тілі арқылы танып-біледі. Ал халық үшін тілдің маңызы одан да жоғары. Өйткені тілде ұлттың тарихы, дүниетанымы, салт-дәстүрі, мінезі мен ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі сақталады. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ тілін ұлт рухының өзегі деуге толық негіз бар.

Қазақ халқы сөз қадірін ерте заманнан білген. «Өнер алды – қызыл тіл» деген мақалдың өзі халқымыздың сөз өнеріне қаншалықты мән бергенін көрсетеді. Ел арасында дау туып, маңызды мәселе көтерілген кезде шешімін бір ауыз сөзбен айтқан билеріміз болған. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты тарихи тұлғалардың шешендік сөздері бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Бұл – тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, елдің бірлігін сақтайтын күш болғанының дәлелі.

Тілдің тағдыры халықтың тағдырымен тікелей байланысты. Тарихқа қарасақ, өз тілінен айырылған көптеген халықтар-

дың ұлттық ерекшелігі де уақыт өте әлсірегенін көруге болады. Себебі тіл жоғалған жерде ұрпақ пен ұрпақтың арасындағы рухани байланыс та үзіле бастайды. Атаңның айтқан әңгімесін, әженің ертегісін, халықтың мақал-мәтелін келесі буын толық түсінбесе, олардың мазмұны ғана емес, ішіндегі ұлттық тәрбие де жоғалады.

Қазақ тілінің бүгінгі деңгейіне жету жолы да оңай болған жоқ. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары қазақ тілінің дамуына ерекше еңбек сіңірді. Олар ана тілінің сақталуын елдің болашағымен байланыстырды. Абай Құнанбайұлы да өз шығармаларында білімге,



еңбекке, адамгершілікке үндей отырып, қазақ әдеби тілінің қалыптасуына үлкен үлес қосты. Олардың еңбегін оқыған сайын тілдің халық өміріндегі орны қаншалықты маңызды екенін түсінесін.

Бүгінгі қоғамда қазақ тілінің жағдайы бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда біршама өзгерді. Қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі. Қазір қазақ тілінде білім алуға, ақпарат алуға, кітап

оқуға мүмкіндік мол. Әлеуметтік желілерде де қазақ тіліндегі мазмұн көбейіп келеді. Бұл – жақсы өзгеріс.

Дегенмен, тілдің болашағын тек заңмен немесе мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз ету мүмкін емес. Тіл ең алдымен халықтың күнделікті өмірінде қолданылуы керек. Адам қазақ тілін құрметтегенімен, оны іс жүзінде қолданбаса, тілдің дамуы баяулайды. Сондықтан

қазақ тілін сақтаудың ең қарапайым әрі тиімді жолы – оны күнделікті өмірде пайдалану.

Бұл жерде отбасының тәрбиесі ерекше маңызды. Бала ең алғашқы сөздерін отбасынан естиді. Үйде қандай тілде сөйлесе, сол тіл оған табиғи әрі жақын болады. Сондықтан ата-ананың баламен қазақша сөйлесуі, қазақша кітап оқып беруі, халықтың салт-дәстүрін түсіндіруі – тілге деген құрметтің алғашқы қадамы.

Жастардың да бұл мәселедегі жауапкершілігі аз емес. Қазіргі жас ұрпақтың мүмкіндігі өте көп. Интернет арқылы әлемнің кез келген жерінен ақпарат алуға болады. Бірнеше шет тілін меңгеруге де мүмкіндік бар. Бұл, әрине, жақсы. Бірақ әлемге ашық болу өз тамырыңнан алыстау деген сөз емес. Керісінше, адам қаншалықты көп тіл білсе де, өзінің ана тілін жақсы меңгерсе, оның ұлттық болмысы да берік болады. Біз қанша жерден заманауи болып, шет тілдерін меңгерсек те, жан дүниемізге ең жақын, ең ыстық сөздер тек өз ана тілімізде айтылады.

Қазақ тілін дамыту үшін оны тек сабақтың немесе ресми жиындардың тілі ретінде қалдырмай, ғылымда, технологияда, өнерде, бизнесте және күнделікті қарым-қатынаста

кеңінен қолдану қажет. Тіл заманмен бірге дамып отыруы тиіс. Жаңа ұғымдарға қазақша атаулардың қалыптасуы, сапалы кітаптар мен фильмдердің көбеюі, заманауи тақырыптардың қазақ тілінде көбірек жазылуы – тілдің өміршеңдігін арттырады.

Қазақша сөйлесу, сауатты жазуға тырысу, қазақ тіліндегі кітапты таңдау, балаларға қазақша үйрету – осының бәрі тілге жасалған нақты құрмет. Әр ұрпақ өзінен кейінгі ұрпаққа тілдің байлығын жоғалтпай бере алса ғана ұлттық рух сақталады.

Яғни, қазақ тілі – халқымыздың тарихын бүгінгі күнмен жалғап тұрған рухани көпір. Оның ішінде ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, халықтың қуанышы мен қайғысы, ақылы мен тәрбиесі жатыр. Қазақ тілі – ұрандататын тақырып емес, бұл – біздің күнделікті өміріміз, ішкі сезіміміз, болмысымыз. Сондықтан қазақ тілін сақтау – тек тілдің өзін сақтау емес, қазақтың ұлттық болмысын сақтау. Тілді сақтау үшін міндетті түрде үлкен ерлік жасаудың керегі жоқ. Бастысы – онымен өмір сүру.

Нұршат ҚАЛИЕВА,
Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы

СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА – 35 ЖЫЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күніне арналған үндеу жариялады. Өз үндеуінде Президент: «Әлем қауымдастығы Қазақстанның бастамасымен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бекіткен Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күнін атап өтіп жатыр.

лықаралық антиядролық қозғалыс көш-басшыларының бірі ретінде еліміздің ұстанымы өзгермейді: біз ядролық державалар арасында кикілжің емес, келіс-сөздер болуын қолдаймыз, ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың күшіне енуін тездетуге

думда ядролық энергетиканы дамытудың стратегиялық бағыт-бағдарын бірауыздан қолдап, Қазақстанның ондаған жылдарды қамтитын экономикалық және ғылыми-техникалық өрлеуінің берік негізін қалады. Осы стратегиялық таңдау ауқым-

өтті. Бір қуанарлығы, іс-шара Қазақстан мен БҰҰ-ның #StepUp4Disarmament («Қарусыздану жолындағы нақты қадамдар») жаһандық бастамасы аясында ұйымдастырылды.

Kazinform агенттігі меншікті тілшісінің спорттық-қоғамдық шараға қатысушылардың бірі, «Парламентарийлер ядролық қаруды таратпау және қарусыздану жолында» ұйымының өкілі Алин Уэрмен (Alyn Ware) болған сұхбатында спикер : «Бұл күн Қазақстанның бастамасымен бекітілді. Қазақстан 450-ден астам ядролық сынақты бастан өткерді. Сондықтан қазақстандықтар радиацияның, оның қоршаған орта мен адам денсаулығына тигізетін апатты зардаптарының не екенін өз тәжірибесінен жақсы біледі. Тынық мұхиты аймағында да ядролық сынақтар жүргізілген. Сол себепті біз Қазақстанның ядролық қаруды жоюға бағытталған ұстанымын толық қолдаймыз, — деді Алин Уэр.

Женевада өткен бейбітшілік маршына қатысушылар 8,29 шақырым қашықтықты жүріп өтіпті. Бұл сан 29 тамыз – Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күнін білдіреді. Марш Женевадағы Біріккен Ұлттар Ұйымының ғимаратынан басталып, маңызды халықаралық бейбіт келіссөздер өткен «Ла Гранд» вилласына дейін жалғасып, кейін қатысушылар БҰҰ ғимаратына қайта оралады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН



Жаңа Конституция преамбуласында еліміздің бейбітшілікке ұмтылып, барлық мемлекетпен достық қарым-қатынас орнататыны айқын жазылды. Осы ұстаным сыртқы саясатымыздың мызғымас қағидаты болып қала береді. Ха-

және ядролық қаруды қолдануға қатысты қауіп-қатерлерді жою үшін бірлесіп батыл қадамдар жасауға шақырамыз. Біз атом энергиясын жасампаз мақсатта ғана пайдаланған жөн деп санаймыз. Халқымыз жалпұялттық референ-

ды өзгерістерге жол ашып, мемлекетіміздің тұрақты өсіп-өркендеуіне айрықша серпін беретіні анық. Қазіргі таңда барлық салада жасалып жатқан түбегейлі реформалардың мақсаты бір. Біз Әділетті, Озық және Таза Қазақстанды құрып жатырмыз. Бәріміз бір ел болып, биік мақсатымызға жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін» — деп мәлімдеді.

Қазақ халқы расымен, ядролық сынақтың зардабын сезінген ұлт. Адамзат қасіреті шекара таңдамайды. Геноцидке пара-пар ядролық сынақ нысаны болған аймақтың трагедиясын кеудесі ояу, қауіп пен қасіреттің парқын білетін өзге мемлекеттер атаусыз, еске салусыз қалдырмайды. Женевада Қазақстанның БҰҰ бөлімшесі және басқа да халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілдігінің бастамасымен Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күніне 35 жыл толуына арналған Бейбітшілік маршы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «BOTA BALALAR EMHANASY» ЖШС (БСН 191140010085) (Көкшетау қаласы, 020000, Кенесары Қасымұлы көшесі, 174-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 70-ғимарат, 304-кеңсе. Тел. +7 700 606 06 66.

11. «Zhang Metall» ЖШС (БСН 240840007084) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Омарова Ж көшесі, 33-үй, 44 а тұрғын емес үй-жай.

12. Ақмола облысы әкімдігінің 26.08.2026 жылғы № А-8/325 қаулысына сәйкес «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Рамадан ауылының негізгі орта мектебі» КММ (БСН 011040002872) таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, 020100, Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Ақкөл қаласы, Бигелдинов көшесі, 10, «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мекенжайы бойынша қабылданады, байланыс тел. 8 (71638) 55233, 8 (71638) 55254, 87073326251.

14. «Мәтжан-2026» АШӨК (БСН 260840022081) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай ауылдық округі, Көптоғай ауылы, Сапы көшесі №6 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 87057505170.

ӘРТҮРЛІ

2. «Ломбард «НАЯТ CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 14.09.2026 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады: № 1-лот: BMW 528i маркалы автокөлік, 1997 ж.ш., мемлекеттік тіркеу нөмірі 883AYJ05, VIN: WBADD61050BR16035, қозғалтқыш көлемі – 2.8 л, түсі – сұр, бастапқы бағасы – 1 658 399 теңге; № 2-лот: MERCEDES-BENZ 220 маркалы автокөлік, 1993 ж.ш., мемлекеттік тіркеу нөмірі 258AIR11, VIN: WDB1240221B982154, қозғалтқыш көлемі – 2.2 л, түсі – күлгін, бастапқы бағасы – 474 000 теңге. Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «НАЯТ CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс. Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама тел. +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7121) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривошова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, РВК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

БАНКРОТТЫҚ

6. 2026 жылғы 28 тамыздағы Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен «ГЕО КАРТА» ЖШС-ін (БСН 190140014307) банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолықын 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

